



ЕЛОРДАДАН ЕРТІСКЕ ҚОНЫС АУДАР!

Елордада Павлодар облысының Ертіс ауданына ерікті түрде қоныс аудару бойынша бос жұмыс орындары жәрмеңкесі басталды. Жәрмеңке 14-18 қыркүйек аралығында «Жанұя» орталығының алаңында (Бейбітшілік көшесі, 14) өтеді. Көшу және жұмысқа орналасу бойынша Ертіс ауданының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағарламалар бөліміне, 87710421919 телефоны арқылы хабарласуға болады.

№109
(4078)
Сейсенбі
15 қыркүйек
2020 жыл

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
А Қ Ш А М Ы
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




ӘЛЕУМЕТ

**ШЕКТЕУЛЕР
ӘЛІ ДЕ
САҚТАЛАДЫ**
6-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

**ҚАЗАҚТЫҢ
БІРІНШІ
БАСПАГЕРІ**
8-9-БЕТТЕРДЕ



МӘДЕНИЕТ

**ӘЛЕМДІ
ТІТІРКЕНДІРГЕН
АЛАПАТ**
12-БЕТТЕ

КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙТІН ШЛАГБАУМ

Елорданың тұрғын үй кешендерінде «smart» шлагбаумдарды енгізу жобасы мен автокөліктердің мемлекеттік нөмірлерін анықтау жүйесі қолға алынды. Бұл технология шұғыл қызмет көліктерінің үй аулаларына кедергісіз кіруіне мүмкіндік береді.

Арнайы мәліметтер базасына енгізілген көліктер «smart» технологияның көмегімен шлагбаумнан өтіп, аулаға кіре алады. Сонымен қатар тізімді қажет болған жағдайда толықтыруға болады. Одан бөлек, барлық кіріп-шыққан автокөліктер тізімі журналға тіркеледі.

«Жыл соңына дейін біз тұрғын үйлердің 30 пайызын «smart» шлагбаумдармен жабдықтауды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар «Қауіпсіз аула» бағдарламасы бойынша ауланың аумағында камералар орнату жоспарымызда бар. Бұл өз кезегінде қауіпсіздік деңгейін арттыруға септігін тигізеді: ұрлық жасау, бөтеннің мүлкіне зиян келтіру және басқа құқық бұзушылықтар саны азаяды» деп жазды инстаграм парақшасында елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Елімізде бетперденің бағасы 60 теңге болып белгіленді. primeminister.kz сайты хабарлағандай, бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен ведомстваралық комиссияның отырысында белгілі болды.



САНСӨЙЛЕМ

**ЕЛОРДАДА
КАРАНТИН
ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАН**

469

**ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ
ТҰЛҒА ӘКІМШІЛІК
ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ
ТАРТЫЛДЫ**



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСЕДІ

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрі Ван Имен кездесті. Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Қытаймен достықты жоғары бағалайтынын атап өтті.

«Біз тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойдық, шекара мәселесін толық шештік. Біздің қарым-қатынасымызда ешқандай түйткіл болған жоқ, әрі қарай да солай жалғасуы керек. Қазақстан Қытайдың біраз бастамаларын қолдайды. Соның бірі — «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының жүзеге асуы. Оны Қытай Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстан

жерінде жариялаған болатын. Біз талай шаруа атқардық, әлі де көп жобалар бойынша жұмыс жүргізілуде» деді Елбасы.

Қытайдың сыртқы істер министрі Қазақстанның жетістіктеріне тоқталып, Нұрсұлтан Назарбаевқа екі ел арасындағы жан-жақты қатынасты дамытуға қосқан зор үлесі үшін алғыс айтты.

Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрі

Нұрсұлтан Назарбаевқа Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің ауызша ыстық сәлемін жеткізді. Онда Қытай Төрағасы Елбасыны кез келген ыңғайлы уақытта Қытайға сапармен келуге шақырды.

Өз кезегінде Тұңғыш Президент Қытай Төрағасына ізгі тілегін жолдады. Сондай-ақ ШЫҰ және «Бір белдеу, бір жол» жобасының маңыздылығы туралы пікірін білдірді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙДІ

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Арқар» көпірінің астында бұқаралық спортты дамытуға және серуендеуге арналған жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды. Кеңістіктің ашылу салтанатына елорда әкімі Алтай Көлгінов бастаған жергілікті билік өкілдері қатысты.

Аталған орын аумағы 4 500 шаршы метрді алып жатыр. Онда баскетбол алаңы, балалар ойын алаңы және зілтемір көтеру, белтемірге тартылу, иога сияқты басқа да спорт түрлерімен жаттығуға арналған аландар, футбол алаңы қарастырылған. Жалпы, мұнда жүгіруге, жаяу немесе велосипедпен, скутермен жүруге болады. Сол сияқты түрлі би билеуге арналған сахна да қойылған. Сонымен қатар мұнда фуджорт, яғни тамақтанатын орын да бар.

Алтай Көлгінов алдымен, аяқтарына шаңғыроллер байлаған спортшылармен, одан кейін баскетболшылармен кездесті. Спортшылар қала басшысына осындай мүмкіндік жасалып жатқанына ризашылығын білдірді.

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары бойынша қоғамдық кеңістіктерді дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы, бұл жоспардың басты мақсаты – Нұр-Сұлтан қаласын тұрғындарға, туристерге, яғни барша адамға қолайлы ету. Мысалы, бұл орын бұған дейін бос жатқан болатын. Енді міне, өздеріңіз көріп



тұрғандарыңыздай мұнда қаншама спортшылар мен қала тұрғындары уақыттарын тиімді өткізіп жатыр. Әсіресе, қазіргі пандемия кезінде адамдарға таза ауада көбірек жүру керек. Жабьқ орындарда спортпен шұғылдануға болмайтындықтан, оларға да бұл жер – жаттығу жасау үшін таптырмайтын орын» деді Алтай Көлгінов.

Қала басшысының айтуынша, елордада мұндай 50-ден аса орын пайда болды. Ал бұл жер – Еуразия ұлттық университеті маңындағы көпірдің астындағы кеңістіктен кейінгі екінші орын. «Арқар» көпірінің астындағы қоғамдық кеңістік арқылы жаяу жолдар Президент саябағына және Триатлон паркіне ұласып жатыр.

ТӨРАҒАЛАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Астана халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар

агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Сондай-ақ Серік Жұманғарин Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындалды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңес мүшесі, Сыртқы істер министрі Ван Иді қабылдады. Тараптар екі-жақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен перспективаларын, халықаралық және өңірлік ұйымдар аясындағы ықпалдастықты, COVID-19 індетінің таралуын болдырмау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру мәселелерін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев тығыз саяси диалогқа және өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастыққа негізделген қазақ-қытай қатынастарының даму қарқыны мен достық байланыстарды жоғары бағалады. Мемлекет басшысы экономиканың түрлі салаларындағы инвестициялық жобаларды, соның ішінде, ауыл шаруашылығы бағытындағы жобаларды жүзеге асырудың маңызды екенін атап өтті. «Қазақстандық өнім өндірушілердің ауыл шаруашылығы бойынша Қытайға экспорттайтын өнімдерінің, атап айтқанда дәннің және майлы дақылдардың номенклатурасы үлкен». Президент жан-жақты стратегиялық серіктестікке қосымша серпін беру мақсатымен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинді Қазақстанға сапармен келуге шақырғанын нақтылады.

Ван И өз кезегінде Қытай

басшысының жылы лебізі мен ауызша сәлемдемесін жеткізді. Си Цзиньпиннің айтуынша: «Қазақстан – аймақтағы маңызды стратегиялық серіктес және Қытай екі ел халықтарының игілігі жолында өзара ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға әзір». Қытай дипломаты «ҚХР басшылығы ҚР Президенті жариялаған Қазақстан қоғамының қажеттіліктерін ескере отырып, саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуларға бағытталған реформаларды құптады» деді. Сонымен қатар Ван И ҚХР-дің екіжақты күн тәртібінің маңызды бөлігі болып табылатын Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге зор көңіл бөлетінін атап өтті. Осы орайда Ван И Қазақстан делегациясын Қытайда өтетін ЭКСПО Халықаралық импорт көрмесіне қатысуға шақырды.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Дәурен АБАЕВ, Президент әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары:

“”

«Желіде жануарларды азаптау, ұрып-соғу және қорқытып-үркіту көріністері бар бейнелер жиі пайда болады. Бұл қоғамның кінәлілерді әділ жазалауға деген заңды талабын туындатып отыр. Алайда шағын айыппұлдар азаматтардың наразылығын туғызуда. Мұндай прецеденттердің салдары, бір қарағанда әлдеқайда ауыр. Біз көптеген таңқаларлық жағдайлар туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан, еріктілер мен жануарлар құқығын қорғаушылардың жазбаларынан білеміз, соның арқасында жаңа заң қабылдауға шақыру жиіледі. Шынында да, бүгінде елде үй, жабайы және ауылшаруашылық жануарларын құқықтық қорғауды қамтыған бірыңғай заң жоқ. «Ветеринария туралы», «Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және сақтау туралы» және басқа заңдар жануарларды емдеуді жеткілікті түрде реттемейді».

(14.09.2020. Facebook-тегі парақшасынан алынды)

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі оқу жылының онлайн түрде басталғанына орай «Менің онлайн оқуым» атты байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізді. Жобалық кеңсе ата-аналар мен балалар арасында байқау жариялаған болатын. Байқау барысында оқушылар мен ата-аналар өздерінің онлайн оқу кезіндегі қызықты фото және видеоларымен бөлісті.

АЛМАТЫ

Алматыда биыл «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында 700 ана өз кәсібін бастады. Жоба аясында бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін аналар 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде грант алды. Бүгінде олар тігін мен тоқыма бұйымдарын, ұлттық киім мен әшекейлерді, ыдыс-аяқтар және басқа да тауарларды шығарады.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

«Эрудит отбасы» республикалық байқауында ақмолалық полицейдің отбасы жеңімпаз атанды. Онлайн режимде өткен байқауға Қазақстанның барлық өңірінен полицейлердің отбасылары қатысты. Ақмола облысынан полиция капитаны Тұрлыбек Ысқақовтың отбасы бақ сынады. Бүгінгі күні бұл жұп үш баланы тәрбиелеп отыр. Байқау қорытындысы бойынша ақмолалық жанұя жеңімпаз атанды.

БҚО

Өңірде Армениядан әкелінген мыңнан аса автокөлік тіркелді. Күні бүгінге дейін 1060 автокөлік иесіне сары нөмір берілді. Соның ішінде қырық нөмір өзге өңір азаматтарының атына тіркелді. 68 автокөліктің рульдік басқару құралы қайта жабдықталды. Ал Армениядан биылғы 1 ақпанға дейін әкелінген сол жақтан басқарылатын автокөліктер 2021 жылғы 1 наурызға дейін тіркелетін болады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

«Бейбітшілік пен келісім» қанатқақты жобасы іске асырылуда. Жоба аясында жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарынан, сарапшылардан, қоғамдық ұйым өкілдерінен құрылған 5 жұмыс тобы аймақтағы этностар көп шоғырланған аудандарда ұлтаралық келісім мәселелерін анықтап, нақты шаралар қабылдауды көздейді.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!



Ләззат НИЕТОВА, елорда тұрғыны:

– «Шаңырақ» 5-10-20 бағдарламасына өтінім беру қашан басталды? Осы бағдарламаға кімдер өтініш бере алады?

Бұл сұраққа Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі орталық филиалының директоры Жансұлтан МАТАЕВТЫҢ жауабын ұсынамыз:

– Бұл қанатқақты жоба бойынша өтінімдерді қабылдау 2020 жылдың 17 тамызында басталды. 1 кезектегі өтінімдерді қабылдау осы жылдың 16 қыркүйегіне дейін жалғасады. «Шаңырақ» бағдарламасына әкімдіктерде тұрғын үй кезегінде 1986-2010 жж тұрған адамдар қатыса алады.

СУ ТАРТЫЛЫП, ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Қала басшысы Алтай Көлгінов тұрғындармен «Нұр Бесік» шағын ауданын одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Бұл туралы инстаграм парақшасында жазды.



«Елорданы «Нұр-Сұлтан – тұрғындарға жайлы қала» жоспарының тұжырымдамасы аясында дамытып жатырмыз. Елді мекендерге ерекше назар аударылуда. Өйткені онда бірінші кезекте, үйлерге су жүргізу, орталық

жылыту, көріз, жарық, жолсыз және т.б. мәселелерді шешу қажет. Кеше кешкілік аралау барысында «Нұр Бесік» (Көктал-1 елді мекені) шағын ауданына бардым. Бұрын кездесуде тұрғындар толғандыратын мәселелерді

айтып, олардың басым бөлігі шешімін тапқан болатын.

Қазір су құбырын салып жатырмыз, жыл соңына дейін осы аудан тұрғындарының үйлеріне ауыз су жүргіземіз, сонымен қатар Нұр Бесікке кіру және шығу барлық жағынан жүзеге асырылатындай етіп жол саламыз. Бұл аялдаманы тікелей шағын ауданға жақын орнатуға мүмкіндік көшелерді асфальттауымыз. Жарықтандыру орнатылды, балалар үшін үлкен алаң салынды, аймақты көгалдандырумен айналысамыз.

Бұдан басқа кварталшілік газбен жабдықтау желілерін салу бойынша жұмыстар жалғасуда. Көктал-1 елді мекенінде 80 пайыз тарату желілері салынды. Тұрғындармен кездесу барысында шағын ауданның одан әрі дамуы талқыланды. Сұрақтар жұмысқа алынды. Елді мекендерді абаттандыру мәселесі Президенттің бақылауында» деп жазды Алтай Көлгінов.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Елорда тұрғындары коронавирус сұрақтарымен психологиялық көмекке жүгіне алады. Қала әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы КВИ-ның мүмкін деген жаңа толқынында тұрғындарға психологтарды тарту арқылы психологиялық көмек көрсететін болады. Емханалардың бейінді мамандары осы бағытта жұмыс істеуге жұмылдырылады.

«Қала тұрғындарында КВИ бойынша сұрақтар туындаған кезде халықты толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін емханалардағы Call-орталықтардың жұмысын күшейтеміз. Біздің психологтар халықтың толғандыратын сұрақтарына жауап беруге, психологиялық қолдау көрсетуге дайын» деді басқарма басшысының орынбасары Әлия Рүстемова.

Call-орталықтардың телефондары басқарманың, қалалық медициналық ұйымдардың сайтында және әлеуметтік желілерде орналастырылады. Сондай-ақ амбулаториялық көмек деңгейінде пациенттерді оңалту бойынша жұмыс халыққа әзір.



ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОНЛАЙН ФОРУМ

Отбасы күнін мерекелеу қарсаңында «Рухани қоғам әлемі» қоғамдық қоры Нұр-Сұлтан қалалық ішкі саясат басқармасы мен елорда әкімдігінің әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының қолдауымен «Бақытты отбасы – мықты мемлекет негізі» атты онлайн-форум өткізді.

«Бүгінде мемлекеттік отбасылық саясат елдің әлеуметтік саясатының басты басымдықтарының бірі. Осы бағытта тиімді жүзеге асыру үшін біз әлеуметтік, экономикалық және рухани жаңғыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізудеміз. Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды анықтау үшін елорданың әр тұрғынына әлеуметтік карта жасалуда. Қалада отбасы институтын нығайту және дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Азаматтардың репродуктивті денсаулығын нығайту және ана мен бала денсаулығын сақтау

бойынша кешенді шаралар қабылдануда. Елордада ҰЕҰ қатысуымен отбасын жоспарлау, ана мен бала денсаулығын сақтау бойынша әлеуметтік жобалар іске асырылуда» деп атап өтті форумға қатысқан Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы, қала әкімінің бас инспекторы Мөлдір Бөлебаева.

Бүгінде Нұр-Сұлтанда 22 235 көпбалалы отбасы бар. Елордада отбасы рөлін арттыруға және қолдауға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылуда.



ЖҮРГІНШІЛЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ

Нұр-Сұлтан қаласында қосымша жарықтандырумен реттелетін 14 жаяу жүргіншілер өткелі қосылды. Жолдарда әдеттегі көше жарығынан басқа арнайы жарықтандыру қолданылады.

Осылайша жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамның рұқсат беретін белгісінің жаңуы кезінде жаяу жүргіншілер жолына және жаяу жүргіншілерге арналған жолдың өзіне арнайы интеграцияланған жарықтандырумен реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдерін жобалау жүргізілді. Қосымша жарықтандырумен реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдерінің жүйесі — қараңғы уақытта жаяу жүргіншілердің жолда көрінуін жақсартуға арналған. Осылайша қосымша жарықтандыру — көру деңгейін жақсартуға және жүргізушілердің назарын аударуға арналған.

Мұндай жаяу жүргіншілер өткелдерінің жұмыс принципі адамдардың қозғалысына рұқсат беретін белгімен бір уақытта арнайы жарықты қосудан тұрады:

1) жаяу жүргінші шақыру панелін басады;

2) жаяу жүргінші үшін жасыл белгі жанады;

3) қосымша жарық жанады.

Қосымша жарықтандырумен жаяу жүргіншілер өткелдері Кенесары, Достық, Мәскеу – Хмельницкая, Күйші Дина, Қонаев, Ақмешіт, Түркістан және Алматы көшелерінде, сондай-ақ Тәуелсіздік, Абай, Моңғұлы және Мәңгілік Ел даңғылдарында орналасқан.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Өңірде жаңа құс фабрикасы іске қосылды. Өндіріс орнында жылына 100 тонна ет және 350-400 мың жұмыртқа өндіру жоспарланған. Жобаны жүзеге асыруға кәсіпкерлер 20 млн теңге қаржы салды. Қуаттылығы әртүрлі отандық және шетелдік өндірістің 36 инкубациялық жабдығы, балапандарды өсіруге арналған 80 брудер, құстарды ұстауға арналған елуден астам тор және өнімділігі сағатына 150 бас модульдік құс фабрикасы сатып алынды.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Биыл Арыс қаласында 108 отбасы баспаналы болады. Өңірде құрылысы жүріп жатқан 36 пәтерлі 3 көпқабатты тұрғын үй кезекте тіркеліп тұрған азаматтарға берілмек. Ал келесі жылы 240 пәтерді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Арыс қаласында қазіргі таңда жалпы саны 1699 азамат тұрғын үй кезегінде тұр.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылордада жергілікті кәсіпкерлер голландиялық сорттар бойынша бау-бақша егіп, оны экспортқа шығаруды жоспарлап отыр. 2016 жылы «Іскер-М» ЖШС алғаш рет қала іргесіндегі Бірқазан елді мекенінде голландиялық бақша өнімдері тұқымдарын еккен. Осылайша оларды Сыр өңіріне жерсіндіру ісін қолға алды. Бастапқы кезеңде 16 гектар аумаққа 16 түрлі дақыл егілді.

«ДАМУДЫҢ» ДЕМЕУІМЕН ҚАРЫШТАҒАН

«Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры биыл елордада «Бизнестің жол картасы-2020-2025» бағдарламасы аясында екі жүзге тарта жобаға қаржылық демеу көрсетті. Оның арасында сан алуан бағыттағы кәсіпорындар бар. Ірі бизнеспен айналысатындар да, шағын және орта кәсіпкерлікті қолға алғандар да аталмыш қордың қолдауына ие болды. Кеше журналистер үшін сондай бірқатар кәсіпорынға баспасөз туры ұйымдастырылды. Алғашқы барғанымыз 150-ден аса адамды жұмыспен қамтып отырған «ТАЛ Инженеринг Қазақстан» ЖШС болды.



© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Аталған кәсіпорын тротуар плиткасын және бетоннан әртүрлі құрылыс материалдарын өндіреді. Тәуліктік қуаты – 3,5 мың шаршы метр. Барлық материалдар Германияның технологиясымен, сол елден жеткізілген қондырғылармен жасалады.

Кәсіпорынның операциялық қызметтер бойынша директоры Александр Калентьевтің айтуынша, серіктестіктің бір нысаны бұрыннан бас қалада жұмыс істейді. 2018 жылы екінші цехты ашу үшін «Даму» қорынан несие алуға өтініш берілген. Ол қолдауға ие болып, жаңа цех ашылған. Осымен қазір елордада аталған кәсіпорынға қарайтын екі

нысан болды.

Бүгіндері компания өнімдері Нұр-Сұлтан қаласында үлкен сұранысқа ие. Түркістан облысынан да көп тапсырыс түсіп жатыр. Оның себебі ел бойынша бас қала мен аталған облыста құрылыс қарқыны басқа өңірлермен салыстырғанда көш ілгері,

– Карантин басталғанда басқа кәсіпорындар сияқты жұмысымызды тоқтатуға мәжбүр болдық. Бірақ жұмысқа рұқсат алған соң ісіміз жанданды. Қазір құрылыс та қарқын алды. Бізге де тапсырыстар үсті-үстіне түсіп жатыр. Жұмыскерлердің орташа жалақысы 150-200 мың теңге, – дейді А.Калентьев.

Қазір көпшілігіміз күнделікті өмірде «Fairgy», «Comet» сияқты ше-

телдік тұрмыстық химияны қолданамыз. Осындай отандық өнімдер бар екенінен бейхабармыз. «Арко Групп 2011» ЖШС-не барғанымызда самсап тұрған сабынның түр-түрі, тамақ істегенде тамған майды, түрлі дақ кетіргіш заттарды кетіретін заттарды көргенде, өзіміз таңғалдық.

Кәсіпорынның өндірістік бөлімінің меңгерушісі Гүлнәр Уәлиеваның айтуынша, олардың сапасы шетелдік өнімдерден еш кем емес. Бағасы да арзандау. «Жұмысымызды біз 2013 жылы Көктал кентінде жеке үйді жалдап, бастадық. Былтыр қаланың өндірістік аймағына көшіп, жаңа цех аштық. Қазір ақырындап өнімдерімізді елордадан тыс аймақтарға да сатып жатырмыз. Бірақ белгілі бір қиындықтарды әлі де еңсеруіміз керек. Кәсіпорында 13 адам жұмыс істейді. Бізге ісімізді автоматтандыруымыз қажет. Себебі бәрін қолмен істеп жатырмыз. Шикізатты да шетелден алдырамыз. Қытай шикізаты бізге Ресей мен Украинадан жеткізіледі» дейді Г. Уәлиева.

Аталмыш компания антисептиктерді де өндіреді. Карантин уақытында кәсіпорын жұмыс істемесе де, осы өніміне сұраныс артқан соң қоймада сақталған антисептиктерді өткізген. Басқа өнімдерінің қатарында «Арзанай», «Жайка» ыдыс жуатын заттарын, «Зверь» атты май кетіргішін атап өтуге болады. Жалпы, серіктестік атауы да, қолданысы да әртүрлі біраз зат өндіреді.

Тамақ және тұрмыстық қажеттіліктерге арналған экологиялық



қағаз пакеттерін өндіретін «Есо Friend» ЖШС «Еңбек» өнімді еңбекпен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті қолдауды дамытуға арналған бағдарламасы шеңберінде «Даму» қорынан жеңілдікпен 20 млн теңге мөлшерінде несие алған.

100 пайыз целлюлозадан тұратын және көпреттік қолдану мен толық өңдеуге жарайтын өнімдерін компания негізінен елордадағы «Magnet Cash & Carry» ЖШС супермаркеттер желісіне өткізеді. Бірақ басқа аймақтарға сату да жолға қойылған. Қазір онлайн саудаға да ден қойылып отыр. Компания директоры Қуаныш Жапақовтың айтуынша, қондырғылар карантиннің алдында ғана орнатылды. Сондықтан карантин жұмысқа соншалықты

әсер еткен жоқ. Кәсіпорын басшысы «Даму» қорының бизнесті дөңгелетуге беріп жатқан мүмкіндігіне, пайыздық ставка мөлшеріне риза.

– Осы жылдың сәуір айында «Бизнестің жол картасы-2020-2025» бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Соған сәйкес қазір барлық кәсіпкерлер 6 пайыздық ставка мөлшерімен несие ала алады. Бұған қоса несие ала алатын кәсіпкерлік салалары да кеңейтілді. Осы жылдың жартыжылдық қорытындысы нәтижесінде кепілдендіру бойынша 90 жобаға, субсидиялау бойынша 100-ден астам жобаға қолдау көрсеттік, – дейді «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының директоры Нұрсұлтан Абдолла.

ЕРІКТІЛЕРГЕ ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

29 жасқа дейінгі жастар волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған гранттар конкурсына қатыса алады. Өтінімдер 25 қыркүйекке дейін қабылданады. Нұр-Сұлтанда волонтерлік бастамаларды қолдау бойынша шағын гранттар байқауы басталды. Оның аясында 22 жеңімпаз анықталып, әрқайсына 300 мың теңгеден беріледі. Конкурсқа 14-29 жас аралығындағы жеке тұлғаларға, бастамашыл топтарға және Нұр-Сұлтан қаласының үкіметтік емес ұйым мүшелеріне қатысу рұқсат етіледі. Өтініш жекелей берілген жағдайда, өтініш беруші 14 жастан жоғары болуы тиіс.

Бастамашыл топтың атынан өтініш берген жағдайда, топ жетекшісі мен мүшелері 14-29 жас аралығында болуы тиіс. Байқауға қатысуға бастамашыл топтың басшысы барлық мүшелерін көрсете отырып, өтінімді тікелей беруге тиіс.

«Жобалар мынадай бағыттар бойынша қабылданады: экологиялық ағарту жұмыстары бойынша волонтерлік жобалар; оқушы, студент жастар мен әлеуметтік топтарға білім беруге бағытталған жобалар; балалар және қарттар үйіндегі адамдарды

қолдауға бағытталған жобалар; мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдауға бағытталған жобалар; мәдени-тарихи мұраны сақтау және дамыту, тарихи ескерткіштерді, мәдени-мемориалдық кешендерді қалпына келтіру және сақтауға бағытталған жобалар; құқық қорғау және табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жобалар; инновациялық жобалар; ғылыми жаңалықтар; компьютерлік бағдарламалау; экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыруға арналған



жобалар; әлеуметтік мәдени және спорттық жобалар; шығармашылық және қайырымдылық іс-шаралар; медициналық бағыттағы және карантин кезінде іске асырылатын жобалар; әдебиет пен тілге қатысты жобалар; жастар белсенділігін дамытуға арналған жобалар; бапқа сай келетін басқа бағыттар» делінген конкурс ережесінде.

Жоба келісімшартқа

қол қойылғаннан бастап 2 ай көлемінде (қазан-қараша) жүзеге асырылуы тиіс. Карантин режимі күшейтілген жағдайда жобалар онлайн/офлайн форматта жүргізіледі. Сондай-ақ жоба аясында еңбекақы төлеуге, кеңсенің қамтылуына және басқа да әкімшілік шығындарға жұмсауға болмайды. Шығындар волонтерлік бастамаларды іске асыру үшін түрлі шығыс

материалдарына (жабдықтау, құрал-сайман, құрылғыны жалға алу және т.б.) жұмсалыады. Айта кетейік, конкурс Нұр-Сұлтан қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасының тапсырысымен «Волонтерлік бастамаларды қолдау бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу» жобасы аясында өткізілуде. Ұйымдастырушы – «Адырна» ұлттық этнографиялық бірлестігі.

Мектеп – білім берудің іргетасы. Коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі білім алушылардың басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Демек, жұмыстың тәсілі мен мазмұнында түбегейлі өзгеріс болып жатыр. Сондықтан қазіргі таңда білім жүйесі санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың тиімді тәсілдерін қарастыруға да ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл туралы президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда ерекше тоқталды. Жолдауда айтылған тапсырмалардың орындалуына одан әрі жұмыла еңбек етеміз дейді бізбен сұхбатында Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова.



– Президент өзінің Жолдауында «Қашықтан оқыту ісін ұйымдастыруда Үкіметтің жіберген қателіктерін жақсы білеміз. Ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар күндіз-түні «WhatsApp»-тан бас көтермейтін болды. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деген еді. Мемлекет басшысы мензеген қателік неден кетті деп ойлайсыз?

– Нұр-Сұлтан қаласында онлайн оқуға дайындық уақытылы басталды. 4-тоқсанда жасалған оқыту іс-әрекеті жанданып, мектептер қыркүйекке дайындалды. Қалай дейсіз ғой? Мектептегі 100 мұғалімді он-оннан бөліп, оған мектептің информатик мұғалімін бекітіп, басқа пән мұғалімдері үшін оқу семинарларын ұйымдастырды, ол басқа пән мұғалімдеріне өте пайдалы болды. Мектептердің көпшілігі Classroom-мен жұмыс істейді, ол өте тиімді. Classroom тегін, тапсырманы жүктеу тегін, класрумдағы medgoole жұмысты әрі қарай жандандыруға мүмкіндігі бар, ол конференция жасауға өте тиімді, әрбір оқушыны көре алады, қадағалай алады, кері байланыс бере алады. Бізде платформалар бар, бірақ соны тиімді қолдануда педагогтардың АКТ сауаттылығы жетіспей жатқаны байқалды. «Bilimland», «Dagun online» және телевизиялық сабақтар оқушының білім алуына ықпал етіп отыр. Қателік кімнен кетті деген сұраққа жауап беру қиын, дегенмен қателік осындай жағдайға алдын ала елдің дайын болмауы. Әрбір отбасындағы әлеуметтік қиындықтар, ата-аналардың ескі көзқарасын да кедергіге қосуға болады. Бірақ тығырықтан шығудың мүмкіндігі бар екеніне көз жетті. Басты қателік көпшіліктің IT технологияны уақытылы меңгере алмай жатқанында деп білеміз. Ол үшін компьютерлік сауаттылықты көтеретін іс шаралар әлі де көп болуы тиіс. Сол шараларды жандандырудамыз. Қателік халықты жоғары заманауи қашықтық бағдарламаларымен оқытпағандан да болып отыр. «Жасанды интеллектің» жоғары дамымағаны кедергі болып отырғанын жасырып қала алмаймыз. Жалпы, адамдардың ойлау деңгейін, өмір сүру қалпын, ой, іс-әрекет бәрін smart тех-

нологияларға, жаңалыққа жаттықтыру керек.

– Білім саласындағы басты мәселе – ұстаздар жа-лақысы делінген Жолдауда. 2021 жылы 25 пайызға өседі. Елордалық мұғалімдердің жалпы әлеуметтік жағдайы, әсіресе жас мамандарға қалай көңіл бөлініп отыр?

– «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы әлеуметтік кепілдіктер

ТӘСІЛ МЕН МАЗМҰН ӨЗГЕРУ КЕРЕК

жынығын қамтамасыз етеді, оның ішінде жас мұғалімдерге – жыл сайынғы 56 күнтізбелік күнге еңбек демалысы, жылына бір рет тегін медициналық тексеруден өту, жас мамандарға (жалғызбасты және үйленбеген) жатақханадан орын беріледі. Тәжірибелі мұғалімдер арасынан жас мамандарға тәлімгерлер де бекітілген. Көптеген ұйымдар «Жас мұғалімдер мектебін» ұйымдастырды, оның мақсаты жас мамандарға жан-жақты көмек көрсету. Педагогтардың жұмысын кеңінен насихаттау мақсатында жас мұғалімдер «Адал Bilimastana» жобасына қатыса алады. Мұнда бірегей оқыту және оқу тәжірибесі бар, әр түрлі әлеуметтік жобалар жүргізетін және ең жақсы тәжірибе ұсынатын мұғалімдердің қызметі туралы бейнематериалдар жасалады. Бұл өз кезегінде педагогтарды өз ісінің шебері болуға, үздік болуға ұмтылдырады.

– 2025 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиені және оқытумен 100 пайыз қамтамасыз ету де міндеттелді. Биыл жаңа мектептер ашылды. Бұл оқытумен қамту мәселесін шешіп отыр ма?

– Әрине, 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 пайыз қамтуымыз керек делінген. Балалардың басым бөлігі балабақшада дайындық топтарында қалып отыр. Бүгінгі күні даярлық сыныптарында 2000-дай бала білім алуда. Биылғы жылы жаңа мектептердің де қатары көбейді, өткен жылы 117 мектеп болса (жекеменшік мектептермен бірге), осы жылы 122 болып отыр. Соның ішінде биыл № 89, 90 жаңа мектептері қосылып отыр. Бұл мектептердің

ашылуы үш ауысымдық және тығыздылық мәселесін шешуге үлкен септігін тигізіп отыр.

– Елордада балабақшада орынның жетіспеуі әлі проблема сияқты. Қазір қанша бала кезекте тұр? Бұл мәселе болашақта қалай шешілетін?

Елорданың қарқынды дамуына байланысты мектепке дейінгі білімнің қол жетімділік мәселесі әлі де өзекті. Себебі балалардың туу көрсеткішінің өсуі, балаларды қамтуды жүзеге асыру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, бұл мәселені толығымен шешу мүмкін болмай отыр. Бүгінгі таңда елордамызда әртүрлі типтегі 410 мектепке дейінгі ұйым бар, оның ішінде 94-і мемлекеттік, 275-і жеке меншік (оның ішінде 265-і мемлекеттік тапсырыспен), 3-еуі ведомстволық. Осыған қарап, 2017 жылмен салыстырғанда желі 119 балабақшаға көбейгенін көруге болады. Ай сайын кезекке шамамен 4000 баладай тұрады. Олардың ішінде 2003 бала, яғни 50 пайызы ғана балабақшаға жолдама алады. «Индиго» порталында электронды кезекке тіркелгендер: 0 жасан 6 жасқа дейін – 55 989; 1-6 жас – 50 233; 3-6 жас – 5 980 бала

– Елорданың қарқынды дамуына байланысты мектепке дейінгі білімнің қол жетімділік мәселесі әлі де өзекті. Себебі балалардың туу көрсеткішінің өсуі, балаларды қамтуды жүзеге асыру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, бұл мәселені толығымен шешу мүмкін болмай отыр. Бүгінгі таңда елордамызда әртүрлі типтегі 410 мектепке дейінгі ұйым бар, оның ішінде 94-і мемлекеттік, 275-і жеке меншік (оның ішінде 265-і мемлекеттік тапсырыспен), 3-еуі ведомстволық. Осыған қарап, 2017 жылмен салыстырғанда желі 119 балабақшаға көбейгенін көруге болады. Ай сайын кезекке шамамен 4000 баладай тұрады. Олардың ішінде 2003 бала, яғни 50 пайызы ғана балабақшаға жолдама алады. «Индиго» порталында электронды кезекке тіркелгендер: 0 жасан 6 жасқа дейін – 55 989; 1-6 жас – 50 233; 3-6 жас – 5 980 бала.

– Жолдауда «Балалар үйімі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн деп үйірмелерге баса мән берілді. Бұл бағытта қандай бағдарлама бар? Қосымша білім беру ұйымдарының жұмысы күшейтіле ме?

– Өзіңіз айтқандай, Мемлекет басшысы «Қазақстан жаңа шыңдықта: іс-қимыл уақыты» Жолдауында спортқа, жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетіне мейлінше назар аудару керектігін, бұқаралық спорт, дене шынықтыру және, әрине, балаларға басымдық беру керектігіне көңіл бөлді. Сондықтан білім беру ұйымдары жанындағы қосымша білім беру ұйымдарының желісін кеңейту қажет деп санаймыз. Жаңа оқу жылында мектептерде қосымша білім беру ұйымдарының 6 филиалы және ұлттық құн-

дылықтарымызды мектеп, қоғам және отбасы арқылы нығайту мақсатында ұлттық өнерді дамытуға бағытталған жобаларды ашу жоспарланды. Бұл «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығы» жанында 350 баланы қамтитын «Арқа Alan» ұлттық спорт түрлері орталығы» және № 2 өнер мектебі жанында 300 баланы қамтитын «Art Tumar» қолөнер орталығының ашылуы. Сонымен қатар «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығының қаланың әр ауданында 1040 баланы қамтитын «Балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру клубтары» құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ 72 мектепте 3650 баланы қамтитын ұлттық спорт түрлерін дамытуға бағытталған «Altyn Uraaq» жобасы бастама алады. Қабылданған шаралар оқушыларды қосымша білім берумен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

– Шолпан Маратқызы кәсіби білім берудің беделін көтеру жөнінде де жолдау-

және кәсіптік білім беретін оқу орындарының «Мамандыққа көзқарас» көрме-фестивалін өткізеді, сондай-ақ мектеп оқушылары мен ата-аналар қауымын шақырумен Ашық есік күндері өткізіледі.

Колледждер студенттері мен кәсіпорындардың жас мамандары арасында WorldSkills Kazakhstan өңірлік чемпионаты өткізіледі, онда чемпионатқа кәсіби бағдарлау мақсатында мектеп оқушылары шақырылады. Қалалық чемпионатты өткізу шеңберінде 8-11 сынып (17 жасқа дейінгі) оқушыларының қатысуымен JасSkills чемпионаты өткізілуде.

– Қазір мектептерде жоғары сыныпта «Кәсіпкерлік негіздері» пәні оқытыла бастады. Ал бұл пәнді оқытатын маман қаншалықты дайын?

– Кәсіпкерлік және бизнес негіздері курстары бойынша елордада 2019 жылы 49 педагог, 2020 жылы 30 педагог, жалпы, 79 әр түрлі пән мұғалімдері оқытылған болатын. Осы жылы онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы оқыды. Кәсіби тренерлер 10-11 сыныптар бағдарламасын толық түсіндірді. Олар «Атамекен» ҰКП сайтында барлық бейнесабақтар контентін дайындады. ҚМЖ жазуда және сабаққа дайындық кезінде тренерлер тарапынан курстан кейінгі қолдау жүргізіледі. Педагогтарда қандай да бір сұрақтар, мәселер туындаған жағдайда конференциялар өткізеді, сондай-ақ осы пәнді оқыту барысында педагогтарға көмек және қолдау көрсету үшін телеграм каналда чат және <http://atameken.co> сайты ашылды.

– Қазіргі уақытта елорда мектептерінде қашықтан оқытудың жағдайы қандай?

– Өздеріңіз білетіндей, жаңа оқу жылы 5-11 сыныптар үшін қашықтан басталды. Ата-аналардың өтініші негізінде 1-4 сыныптар үшін барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып мектептерде кезекші сыныптар ашылды. Барлық мектептер қажетті жабдықтар, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілді (кіреберіс есік алдына дезинфекциялық кілемше, туннель, тепловизор, санитайзер, ылғалды жууға арналған жабдықтар). Бүгінгі таңда елорда мектептерінде 3000-нан астам кезекші сыныптар жұмыс істейді, ондағы балалар саны 35 000, бұл жалпы бастауыш сынып оқушыларының 40 пайызын құрайды. Ал қашықтан оқу 5-11 сыныптарда арнайы сабақ кестесіне сәйкес, әр сабақ 30 минуттан өткізілуде. Барлық мектептер «Bilimland», «Dagun online» платформалары арқылы сабақтарын жалғастырып жатыр. Kundelik.kz жүйесі арқылы үй тапсырмаларын беріп және кері байланыс қызметтерін атқарады. Ең бастысы, оқушылар және педагогтар компьютерлік құралдармен және интернетпен қамтамасыз етілді.

Сұхбаттасқан
Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ



Сонымен елордада өткен жұмдан бастап:

- қаладағы бизнес-орталықтар (нотариус, адвокат бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктер, сот орындаушылар, туроператорлар және т.б.) санитарлық-профилактикалық шараларды қатаң сақтай отырып, жұмыс және демалыс күндері сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді;

- театрлық қойылымдарды өткізуге тыйым салу пункті «аттракциондары бар бассейндердің жұмысына тыйым салу» сөздерімен толықтырылды. Осы ретте, аттракциондары бар бассейндердің жұмысына тыйым салына отырып, «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығындағы «SkyBeachClub» жағажай клубының қызметіне рұқсат берілді. Демалушылардың саны сыйымдылығынан 50% аспауы тиіс;

- қоғамдық тамақтану орындары (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар) жұмыс және демалыс күндері сағат 09.00-ден 24.00-ге дейін жұмыс істейтін болады. Қойылатын талап: отыратын орындар саны нысан ішінде - 30-

дан, жазғы алаңда 30-дан аспауы қажет. Үстелдер арасындағы 2 метр қашықтық сақталуы тиіс. Бір үстел басында 4-6 адамнан отырғызуға болады.

Бұл ретте, тұрғын үй ғимараттарында орналасқан қоғамдық тамақтану орындары жұмыс және демалыс күндері сағат 09.00-ден 22.00-ге дейін ғана істейтін болады. Барлық қоғамдық тамақтану орынында ұжымдық, салтанатты, отбасылық және өзге де көпшілік іс-шараларды өткізуге тыйым салынады;

- қалааралық, облысаралық автобустар мен шағын автобустар

ШЕКТЕУЛЕР ӘЛІ ДЕ САҚТАЛАДЫ

Елордада карантин режимін кезең-кезеңімен жеңілдетуге байланысты қаулыға өзгерістер енгізілді. Нұр-Сұлтан қаласының бас санитар дәрігері Жанна Пірәлиеваның жаңа қаулысы 11 қыркүйектен бастап күшіне енді.

қайта жүре бастайды;

- білім беру орталықтарының, балалар мен ересектерге арналған орталықтардың, балаларды дамыту орталықтарының (алдын ала жазылу бойынша, 15 адамнан аспайтын топта) қызметі қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақтала отырып, жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін істейтін болады. Бұл ретте, аталмын мекемелер демалыс және мереке күндері жабық болады.

Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы қабылданып жатқан шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ақпарат таратуды қамтамасыз етеді. Адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шешімнің маңыздылығы түсіндірілуі керек.

Қаулыға сәйкес Нұр-Сұлтан қалалық Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсізді-

гін бақылау департаментінің аудандық басқармаларына Полиция департаментімен бірлесе отырып, Қаулының орындалуына қатаң бақылау жүргізу тапсырылды. Меншік формасына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

Ал елдің бас санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова демалыс күндері шектеу шараларын алып тастау туралы мәселе әзірге қарастырылмайтынын айтты. «Бізге демалыс күндері онсыз да аздаған ғана шектеу қалып отыр. Ол шектеулер демалыс күндері адамдар көп жиналатын сауда, ойын-сауық орталықтарының, жабық базарлардың, фитнес-орталықтардың, спа-орталықтардың және сәулелік салондарының жұмысына қатысты. Бұл өте төменгі талап саналады. Біздің міндетіміз - эпидемиологиялық ахуал тұрақтылығын сақтау және аурудың одан әрі төмендеуіне қол жеткізу» деп атап өтті бас санитар.

ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙТЫН ЕРЕЖЕЛЕР

Адамның бүкіл саналы ғұмырында өзін қандай көңіл-күйде ұстауы, денінің сау болуы зор маңызға ие. Себебі тұрмыс деңгейі мен әл-ауқаты да, яғни толыққанды әлеуетті өмір сүруі де соған байланысты.

Осы тұрғыда санитарлық ережелерді сақтаудың эпидемиологиялық мәні орасан зор. Бәрі де жеке бас гигиенасынан басталады. Гигиена - бұл адам денсаулығын жақсарту мен сақтау туралы ғылым. Гигиена жеке және қоғамдық деп екіге бөлінеді. Қоғамдық түріне балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, еңбек, қоршаған орта және коммуналдық гигиена және т.б. жатады.

Жеке бас гигиенасы - адамға қойылатын ең басты талаптардың бірі, ол барлық азаматтар сақтауы тиіс бірқатар санитарлық ережелерден тұрады. Аталған ереже адамның денесін, қолы мен ауыз қуысын күтіп ұстауға және арнайы киімге қатысты бірқатар гигиеналық талаптарды қарастырады.

Жеке бас гигиенасын сақтамау ұжым ішінде жұқпалы аурулардың, соның ішінде аса қауіпті инфекцияның таралуына және тамақтануды ұйымдастыру кезінде азық-түліктің патогенді микробтармен бүлінуіне, сөйтіп өткір ішек аурулары мен астан улануға әкелуі мүмкін.

Елдегі карантиндік шектеу жағдайына байланысты тұмауды қоздырушы вирустар және коронавирус инфекциясы мен өзге де ЖРВИ вирустары белсенді болып тұрған кезде өзімізді және айналамыздағы жақындарымызды ауру жұқтырудан қорғау үшін не істеу керек?

Аталған аурулардың бәрінің қоздырушылары өте жұқпалы және олар ауа тамшылары арқылы беріледі. Түшкіріп немесе жөтелгенде науқас адамның айналасындағы ауаға оның вирус жұқтырған сілекейінен микротамшылар таралады. Соның ішінде ең ірілері айналадағы заттардың бетіне қонып, ұсақтары ауада ұзақ уақыт сақталады және бірнеше метрге дейін тарала береді. Бұл кезде вирустар бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін адамдарға жұғу күшін сақтап тұрады. Сондықтан гигиеналық профилактиканың негізгі шаралары сау адамдардың науқастармен байланысын болдырмауға бағытталады.

Қалай жұқтырмауға болады?

Кез келген қоғамдық орында болып, көлікке мінгеннен кейін, есік тұтқасын, ақша, жұмыс орындарындағы бәрі қолданатын кеңсе тауарларын ұстаған соң, ас ішер алдында және ас әзірлемес бұрын қолды міндетті түрде жуу керек. Қолыңызды 20 секундтан кем емес уақыт бойына мұқият жуып, дұрыстап кептіріңіз. Көшеден үйге кіргесін қол мен бетті сабынмен жуып, мұрынды изотоникалық тұз тұнбасымен шайған жөн.

Бет пен көзді тек қолды жуғасын барып ұстауға болады. Ал су мен сабын болмай қалған жағдайда қолды тазалауға

спирті бар зарарсыздандыру құралдарын қолдануға болады немесе көз бен мұрынға қол тигізу керек болса бір реттік сулықтар пайдаланған жөн.

Адамдар көп жүретін орындар мен көлікке мінгенде бір реттік медициналық маска кию керек. Масканы 2-3 сағат сайын ауыстырып отыру қажет. Сыртта, адамдар көп жерде жүргенде шашыңызды мейлінше жинап қойып жүріңіз, себебі бос жіберілген шашта науқаспен жанасқанда вирус жұқтыру қаупін күшейтеді. Бір ғимарат ішінде ЖРВИ белгілері бар адамдармен жақын сөйлесіп, бірге отырудан қашыңыз. Жалаң қолмен есік тұтқаларын, есік жақтауларын және басқа да қоғамдық орындардағы заттарды ұстамауға тырысыңыз. Сонымен қатар қол алып амандасудан, құшақтап бетінен сүйден бас тартыңыз. Ғимаратты жиі желдетіп, ортақ сулгі пайдаланбаңыз.

Жаныңыздағыларға жұғып кетпеу үшін...

Егер сіз вирус жұқтырған болсаңыз, дені сау адамдармен байланысты үзесіз. Жағдайыңыз болмай тұрған кезде басқа адамдармен сөйлесуге немесе қоғамдық көлікке мінуге мәжбүр болсаңыз, бір реттік маска киіп, оны сағат сайын ауыстырып отырыңыз.

Жөтеліп, түшкіргенде міндетті түрде аузыңызды мүмкіндігінше бір реттік орамалмен,



ол болмаса алақаныңызбен жабыңыз. Тек жеке немесе бір реттік ыдыспен ас ішіңіз. Үйдегілерден өзіңіздің жеке гигиеналық заттарыңызды, атап айтқанда, тіс щеткасы, жөкені және сулгіні бөлек ұстаңыз. Үйді күн сайын ылғалдап сүртіп, әсіресе, есік тұтқалары, жарықты ажыратқаштарды, кеңсе техникасын басқару панельдерін тазалап отырыңыз.

Эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру, коронавирус инфекциясының таралу және онымен ауыру деңгейін төмендету үшін еліміздің бас мемлекеттік санитар дәрігерінің қаулысына сәйкес енгізілген шектеу шараларының ішінде маска тағу режимін қатаң сақтау қажеттігі айтылған.

Жоғарыда айтылған жеке бас гигиенасы ережелерін әрбір

адам сақтауы керек. Себебі денсаулық үшін қолайсыз ортада қала отырып сау адамның да ұзақ уақыт солай денсаулығы жақсы болып жүре беруі мүмкін емес. Бір күні болмаса, бір күні осындай вирус жұғу қаупі бар кезеңде жүрген сау адамдардың өзінің денсаулығы сыр бере бастауы мүмкін. Сол себепті санитарлық ережелер аурудың алдын алу жүйесінің бір маңызды бөлігі саналады. Бұл ережелер медико-биологиялық тұрғыда қауіпсіз әлеуметтік орта қалыптастыруға бағытталған. Ол тек адамның ғана емес, бүкіл қоғамның саулығын қамтамасыз етуге арналған.

Қанат МОЙНАҚОВ,
№6 қалалық емхананың
инфекциялық бақылау
қызметінің жетекшісі

ҒҰЛАМАЛАР ҒИБРАТЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есімнің «Ғұлама - наме» ғылыми трилогиясына пікір.

«Ғұлама-наме» ғылыми трилогиясы үш кітаптан тұрады. Бірінші кітап – хакім Абайға, екінші кітап – данышпан Шәкәрімнің Ар бөліміне, үшінші кітап – кеменгер Мұхтарға арналған. Еңбек – елімізге белгілі, қазақтың көрнекті ойшылы, ғалым-философы Ғарифолла Есімнің көп жылғы ізденісінің нәтижесі. Сараптап отырған еңбекке тән ерекше қасиет – ол қазақтың төл мәдениеті мен дүниетанымында ерекше орны бар ғұламалар, ұлы тұлғалар – Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларын жаңа қырынан зерттей отырып, кешегі кеңестік заманда олар туралы қалыптасқан танымдық стереотиптер мен ұстанымдардың сыңаржақты екенін тұшымды ойлармен дәлелдеуде. Ғұламалықтың өте күрделі құбылыс екенін айта отырып, ғалым, оның тарихына да терең үңіледі. Ғұламалықтың арналарын өнерден (Қорқыт), ғылымнан (әл-Фараби), тақуалықтан (Қожа Ахмет Ясауи), әділеттіліктен (Жүсіп Баласағұн) іздеген ұлы данышпандардың мұрасын қазақтың төл мәдениетінде Абай, Шәкәрім, Мұхтар жалғастырды деп ой түйеді. Ұлы Даладағы ғұламалық дәстүрдің тарихи-рухани сабақтастығының үзілмей келе жатқандығын ыждаһаттылықпен, ғалымға тән ғылыми ұқыптылықпен, жоғарғы мәдениеттілікпен дәлелдейді. Бұл жолда, Ғарифолла Есім гуманитарлық білімді қалпына келтірудегі белгілі таным әдісі герменевтиканы ұтымды пайдаланады. Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниетанымын бүгінгі ұрпаққа түсіндіру мен танытуда тыңнан түрен салады. Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларының мәтіндерін талдап, түсіндіру, баяндау арқылы оқырмандарына терең ой салып, бүгінгі тәуелсіздіктің рухани негіздерінің саф алтын-дай қайнар бұлақтарының көзін жаңа қырынан ашып көрсетеді.

Ғарифолла Есімнің жаңашылдығы да осында. Өзінің өрелі ойларымен ұлттық ойлаудың өзгеше ұқсамайтын ерекшелігін, ғажаптығын оқырманына таныта біледі. Ұлы ғұламалардың еңбектерін герменевтикалық, экзистенциалдық тұрғыдан талдай отырып, өз оқырманын терең ойға батырады, оның жан дүниесіне жарық сәуле түсіреді. Өмірмәндік, дүниетанымдық мәселелерге, рухани құндылықтарға жаңаша қарауға жол ашады. Күрделі дүниетанымдық мәселелерді түсінікті тілмен ұлттық нақышта оқырманына жеткізе біледі. Ғарифолла феноменінің сыры осында.

Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларын зерттей отырып, Ғарифолла Есім қазақ философиясын жаңа сапалы сатыға көтерді, ұлттық философияға ерекше сипат берді, қазақ ғұламалардың еңбектерінде кездесетін ұғымдарға философиялық тұрғыдан талдау жасап, ұлттың таным шеңберінің аясын кеңейтті. Абайдың метафизикалық лексикасын герменевтикалық тұрғыдан талдай отырып, Абай тануға өлшеусіз үлес қосты. Абайдың хакім екенін, оның шығармаларының адамзатқа ортақ қазына екенін айта отырып, Абай жолы – қазақ жолы, Абай жолы Еркін Ер қазақтың жолы деп жар салды. Абайдың метафизикалық лексикасын экзистенциалдық, герменевтикалық, философиялық тұрғыдан талдай отырып, Ғарифолла Есім Абай әлемін қазақ дүниетанымының негізі, қазақ қоғамның рухани жаңғыруының басты ұстанымы екенін дәлелдеді. Қазіргі жаһандану заманында адам жан дүниесіне Абай көзімен қараудың маңыздылығын, өзектілігін айта білді. Абай дүниесіндегі ізгілікті құндылықтарды адам болмысының өзгеру, үнемі жетілудің сара жолы деп

таныды. Абай дүниесіндегі күрмеуі қиын, қайшылықтарға толы, терең мәнді, сан астарлы, философиялық сырға толы ұғымдардың мәтіндік сипатын герменевтикалық тұрғыдан талдап, жіктеп берді. Әсіресе, «Алланы тану», «Адам болмысындағы махаббат», «Имани гүл», «Бес асыл іс, бес дұшпан», «Табиғат және адам», «Өмір», «Уайым», «Үміт», «Шайтан», «Ғашықтық», «Тағдыр». т.б. толып жатқан Абай негізін қалаған антропологиялық идеялардың сырларын ашты. Сөйтіп, қазақ мәдениетінде тұңғыш рет Абайтанудың герменевтикалық әдісін қалыптастырды. Абайдың 175 жылдығын тойлайын деп отырған қазақ елі ғалым-философтың осы жетістігіне лайықты түрде бағасын беруі керек деп есептейміз.

Ғарифолла Есім, Шәкәрім шығармаларында Ар мәселесіне ерекше назар аударады, ұлы ойшылдың өлеңдеріне мәтіндік талдау жасайды. Даналық пен хакімдіктің өзара байланысты екенін айта келіп, ғалым-философ былай ой түйеді: «Даналық – хакімдік негізінде мәндес ұғымдар, екеуі де ақылдылықтың өрістері. Даналық деп, мен ізгілікке негізделген ақылды айтамын. Ақыл мен сабыр парасаттылыққа бастаса, оған ізгілік қосылғанда даналық шықпақ. Даналықтың арналары: ізгі ой, ізгі іс және ізгілікке негізделген hareket. Шәкәрім даналықтың осы арнасын біріктіріп, «Кейінгінің қалмалық обалына» деген формула ұсынған. Тіршіліктің мақсаты ұрпақ қалдыру болса, адам-зат ғұмырының мәнісі, келер ұрпақтың обалына қалмайтын ізгі ой, ізгі іс, ізгі hareket қалдыру... Даналық, әрине, хакімдіктен көрініс әрі өріс таппақ, бірақ Шәкәрімге хакімдіктен гөрі лайықты ұғым-даналық, се-



бебі өкінішке қарай, ақынның дәуірі болмаған» дейді. [246-бет]. Шәкәрім дүниесінің биік шыңы – Ар білімі. Бүгінгі қоғам үшін маңыздысы да – осы арсыздықпен күрес. Бұл жолда Шәкәрім ділінің берері көп. Сондықтан да Шәкәрімді ренессанстық тұлға ретінде зерттеу керек дейді ғалым.

Ғарифолла Есім «Ғұлама-наме» ғылыми трилогиясының екінші бөлімінде данышпан Шәкәрімнің «Мұтылған» поэмасын мәтіндік тұрғыдан терең талдау жасайды. «Шәкәрім өзінің белгілі бір кезеңдерде ұмтылғанын көре білген. Өзінің бұл қоғамға қажетті жағын, дұрысын айтқанда, бұл заман оны керек етпейтіндіктен ұмыт болатынын ақын дөп басып айтқан. Социализм мен Шәкәрім ымыраға келмейтін өлшемдер» дейді ғалым [256]. Шынында да, тоталитаризм - еркін ойға тұсау салып, догматикалық сипатта ойлау жүйесін қалыптастырды. Шәкәрімше айтқанда, «ноқталы ойды», ойлау жүйесін өмірге әкелді. Оның зардабын әлі де тартудамыз. Сондықтан, сананы жалған, жасанды ойлар мен түсініктерден, наным-сенімдер мен қағидалардан, таптаурын болған стереотиптерден тазартудың маңызы зор. Ол бір жағынан, қоғам өзгерісінің рухани негізі болса, екінші жағынан, Шәкәрім рухы алдындағы бүгінгі саналы да, ойлы ұрпақтың парызын орындағандық та болар еді. Шәкәрім рухын қайта жаңғырту, оның әрбір ойы мен сөзіне герменевтикалық тұрғыдан талдау жасау, бүгінгі өскелең ұрпақ бойында еркін, жаңаша ойлауды қалыптастыруға қосқан қомақты үлес болар еді. Ғарифолла Есімнің еңбегін осы тұрғыдан бағалаған дұрыс па дедік.

«Ғұлама-наме» ғылыми трилогиясының үшінші бөлімі кеменгер Мұхтарға арналған. Ең ғажабы, автор, бұл тарауда эсселік жанр арқылы жазушы, кеменгер Мұхтардың ішкі

жан дүниесін, қоғам қайшылықтарын бейнелеудегі шынайы өмірлік ұстанымын терең бере білген. Мұхтар Әуезовтің кеменгерлігі туралы, «Абай жолы» туралы айтылған қазақтың белгілі қаламгер жазушыларының пікірлері мен айтқан өзек жарды ойларын саралай талдап, Ғарифолла Есім: «Оқырманынан алыстап кеткен «Абай жолы» қайтадан тәуелсіз оқырманына оралуы қажет. «Кеменгер Мұхтар» кітабын жазудағы мақсатым осы» дейді. [450].

Сөз танушы адам – кеменгер. Мұхтар Әуезов хакім Абай сөзін тануға ден қойды. Ол Абайды тануға жол салды. Абайға қызмет-кеменгерлік деп Ғарифолла Есім өз ойын қорытындылайды.

Бір сөзбен айтқанда, Ғарифолла Есімнің «Ғұлама - наме» трилогиясын талдай отырып, мынадай қорытынды ой жасауға болады: біріншіден, шығармада қазақ мәдениетіндегі ғұламалық дәстүрдің тарихи-рухани сабақтастығының үзілмегенін Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармалары арқылы дәлелденеді. Бұл жолда, ғалым, философиялық танымдағы герменевтикалық тәсілді ұтымды пайдаланып оқырманына ғұламалардың рухани ізденістері мен дүниетанымын терең көрсете білген кең тынысты, тұңғыш шығарма болып табылады. Осы айтылған ой қорытындылары мен тұжырымдарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есімнің «Ғұлама - наме» ғылыми трилогиясын Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайықты деп есептеймін.

Төлеуғали БӨРІБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясының профессоры, философия ғылымдарының докторы





М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар ӘЛІБЕКПЕН халқымыздың мәдени мұрасын жеткізушілердің бірегейі Жүсіпбек Шайхисламұлының өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелесудің сәті түсті. Зерттеуші-ғалым: «Жалпы, кеңес кезеңіне дейінгі кітаптардың тарихына шолу жасағанда, жинақтардың саны жағынан да, қайта бастыруда да, таралымының мөлшері тұрғысында да Жүсіпбектен асқан кітап бастырушыны анықтай алмаймыз. Сондықтан ұлты қазақ кітап бастырушылардың бастауында Ж.Шайхисламұлы тұрады деуге толық негіз бар» деді. Баспагер әрі ақын шығармашылығына құрылған сұқбатымыз Қытай асып кеткен біртуар тұлғаның насихатына өз үлесін қосады деп ойлаймыз.

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІНШІ БАСПАГЕРІ

– Қазақтың «Қыз Жібегі» мен білетін екі адаммен тығыз байланысты. Бірі – ел аузында жүрген жырды қағазға түсіріп, жеті рет баспадан қайталап бастырып, кең таратқан Жүсіпбек Шайхисламұлы болса, екіншісі – әдемі жырды көркем фильм етіп, қазақтың мерейін асырған Сұлтан Қожықов. Бұл эпостың өміршеңдігі неде?

– «Қыз Жібек» жырдың өміршеңдігі оның ұлттық сипатына байланысты деп ойлаймын. Егер бүгінгі күнге жеткен «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіг» т.б. эпостық мұралар кейбір түркі халықтарына ортақ болғандықтан, әр елде олардың түрлі версиялары сақталып қалғаны мәлім. Ал «Қыз Жібек» жыр – қазақтың төл туындысы және классикалық эпосының озық үлгілерінің бірі. Себебі онда жастардың адал махаббаты, халқымыздың бүкіл ұлттық болмысы, көшпелі өмір салты, тұрмыс-тіршілігі, көш салтанаты, қыздардың келбеті көркем суреттеледі. Халық әдебиетінің бата, түс жору, қоштасу, айтыс, естірту, жұбату, жоқтау, сыңсу т.б. түрлері жыр мазмұнын айшықтап, оқиғалардың қызықтылығын еселей түседі. Рас, «Қыз Жібек» жырдың Жүсіпбек Шайхисламұлы нұсқасы XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоғысында, одан кейін де бірнеше мәрте басылым көріп, халықтың зор ықыласына бөленді. Бірақ бұл асыл мұраның шығу тарихын, таралуын, жариялануын тек оның есімімен ғана байланыстыруға болмайды.

Еліміздің белгілі фольклортанушыларының, әсіресе академик С.Қасқабасовтың тұжырымдарына қарағанда, шығарма ілкі аңыз-әңгімелердің, оқиғалардың, жыр үзінділерінің негізінде XVI-XVIII ғасырлардың аралығында туындап, толығып, эпикалық мұра ретінде қалыптасқан. Оны жырдағы дәстүрлі эпоста, ертегілерде кездесетін көне мотивтерден, кейінгі заманда туындаған жаңа сарындардан байқауға болады. Жыр дер кезінде хатқа түспегендіктен, көптеген нұсқалары, версиялары ұмытылып, халық жадынан шығып қалды. Тек XIX аяғынан бастап қана қағазға түсіріліп, кейінгі ұрпаққа 15-тен астам нұсқалары ғана жетті. Солардың арасында сақталу сапасымен де, толықтылығымен де, көркемдік деңгейімен де ерекшеленетіні – Жүсіпбек нұсқасы. Онда ақынның өзіндік жыршылық қолтаңбасы, эпостық шығармаларды жетік білуі, баспаға дайындаудағы іс-тәжірибесі айқын аңғарылады.

Жырдың Қазақстан ауқымынан шығып, шетел жұртшылығына танылуына 1970 жылы Сұлтан Қожықов түсірген «Қыз Жібек» көркем фильмі себеп болғандығы баршаға белгілі. Менің ойымша, әлем көрермендері «қазақ» деген ұлттың барлығын, оның ұлан-ғайыр жерінің, көз сүрінен көркем табиғатының, терең тарихының, дәстүрлі мәдениетінің көріністерін алғаш рет осы фильмнен көріп, танып-біліп, таңырқаған сияқты. Фильмнің оқиғалар желісіне қарап, онда жырдың алғашқы бөлігінің мазмұны қамтылғанын көреміз.

– Енді Жүсіпбектің «Қыз Жібегі» туралы таратып айтып беріңізші. Басқа нұсқалардан шоқтығын бөлек қылатын ақынның өз қолтаңбасы ма?

– Фольклортанушылардың зерттеулеріне қарағанда, Жүсіпбек жырды Ақшәмшіде тұрған бір жыраудан жазып алып, өзінше жырлап, ел арасына таратқанын, кейін баспаға дайындағанын М.Әуезовпен кездесуінде өз аузымен айтқан. Шынында, ұлы жазушы 1926 жылы «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы» шығармаларын жазу мақсатында Албан еліне барғаны мәлім. Сол жолы болашақ туындыларына материалдар жинаудан сырт өңірдегі халық шығармашылығына да мән беріп, зерттеулер жүргізгендігін оның «Казакское народное творчество и его поэтическая среда» еңбегінен аңғаруға болады. Ал Жүсіпбекпен жүзбе-жүз кездескендігі жазушының аталған зерттеудегі мына сөздері айғақты дәлел болады: «В молодые годы посетил многие районы казакской степи. Наконец последние 20 лет провел среди китайских казаков рода Қызай и только недавно вернулся в Россию и поселился среди албан. ...Разносторонний в своей прошлой деятельности, он не желает ограничиваться и в беседе с нами однообразным кругом тем о поэтическом творчестве».

Жүсіпбектің өмір жолы мен шығармашылығына мән берсек, жиырмадан асқан жігіттік шағынан бастап халық шығармашылығына ден қойып, әдеби мұраларды жазып алып, өзінің білгендерін

ел ішіне таратып отырған. Кейін оларды қайта өңдеп, жаңғыртып, мүмкіндігінше жариялауға қол жеткізген. Осы тұста, яғни 1887 жылы Ресейдің әскери қызметкері Е.А.Александров Марабай



Ж.Шайхисламұлы XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап Қазан, Уфа, Ташкент баспаханаларында қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін, Шығыс сюжетіндегі қисса-дастандарды бастырып шығаруды қолға алған алғашқы қазақ зиялыларының бірі болды. Қазақ кітаптарының тарихына көз жіберсек, «Қыз Жібек» (1900, 1903, 1905, 1909, 1910, 1911) алты рет, «Айман – Шолпан» (1891, 1901, 1910, 1913, 1916) бес мәрте, өзге де «Алпамыс батыр», «Кенесары – Наурызбай», «Наурызбай – Ханшайым» секілді қазақтың төл жыр-дастандары мен «Біржан мен Сара», өзінің Уәзипа қызбен айтысы әлденеше қайта бастырылып отырғанын көреміз

жыраудан туындының бір нұсқасын жазып алып, М.Ағыманов деген оқыған қазақ азаматына қара сөзбен мазмұнын аудартады. Тағы бір нұсқасын белгісіз шығарушы (Валиулла Тухфатуллин деген болжам бар) 1894 жылы Қазан жеке кітап күйінде жарыққа шығарады. Осы кітап қолына түскен болуы керек, Жүсіпбек 1900 жылғы өз басылымының кіріспесінде былайша ренішін білдіреді:

«Басында менен жайылды Қисса болып бұл Жібек. Басы-соңына қарасам, Бәрі шала сөзінің, Сүйейін мұны бір демеп. Қиссасын қайта түзейін». Сөйтіп, өзі айтқандай түзетіп, кейбір қара сөздерді өлең жолына түсіріп, кейбір оқиғаларға өзгерістер енгізіп, өзінің нұсқасын XX ғасырдың алғашқы жылы Қазанның «Университет» баспасында бастырды. Қазір еліміздің сирек қорларында «Қыз Жібек» жырдың Х.Досмағамбетұлы, Ш.Қалмағамбетов (2 нұсқа), Қ.Иманов, Х.Өтеғалиева,

шығаруды қолға алған алғашқы қазақ зиялыларының бірі болды. Қазақ кітаптарының тарихына көз жіберсек, «Қыз Жібек» (1900, 1903, 1905, 1909, 1910, 1911) алты рет, «Айман – Шолпан» (1891, 1901, 1910, 1913, 1916) бес мәрте, өзге де «Алпамыс батыр», «Кенесары – Наурызбай», «Наурызбай – Ханшайым» секілді қазақтың төл жыр-дастандары мен «Біржан мен Сара», өзінің Уәзипа қызбен айтысы әлденеше қайта бастырылып отырғанын көреміз.

Сондай-ақ «Жүсіп – Зылиха», «Мұңлық – Зарлық», «Қисса Зейне Зайуб», «Қисса Гүлшаһра», «Хикаят Сәлімжан», «Қасым – Жомарт» т.б. шығыстық желіге құрылған дастандардың жарыққа шығуына мұрындық болған да – осы Жүсіпбек. Мұнан өзге «Пайғамбардың миғражға барғаны», «Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Қисса ғазіреті Мәган Разы Алла Анһудың қонаққа шақырғаны», «Қисса ғазіреті

М.Төлепқалиев, Қ.Мырзағалиев, Е.Ахметов, Ә.Дәнекерев, Р.Мәзқожаев, Қ.Баймағамбетов т.б. жеткізген нұсқалар сақталған. Бұлардың дені сол Жүсіпбек нұсқасының негізінде жырланған және сюжеттік мазмұндарында айтарлықтай ерекшеліктер байқалмайды.

Жүсіпбек нұсқасының тілі көркем әрі қарапайым, ой орамдары нақышты, сөз қолданысы – кестелі, композициялық құрылымы айшықты, оқиғалары қызықты болып келеді. Мәселен, табиғаттың, қыздың сұлулығын дәл Жүсіпбектей суреттеген жыр нұсқасы кездеспейді. Қазақ көшпелі сән-салтанаты, онда ұсталатын салт-дәстүр, оны ажалдай түскен қыз-келіншектердің көрік-келбеті ешбір эпостық туындыда дәл осындай бейнеленген емес. Бұл – Жүсіпбектің алдындағы көптеген жыршылардан ерекшелетін өзіндік «мені», айқындап тұратын айырықша жаңалығы.

– Бұдан бөлек «Мұңлық-Зарлық», «Алпамыс батыр», «Кенехан һәм Наурызбай» т.б. дастандар мен «Біржан мен Сара» айтысы да Жүсіпбектің отыздан астам кітаптарының қатарында тұр деген ақпарат бар. Қазақ еліндегі баспа ісінің басында осы кісі тұрды деуге бола ма? Бұл кезеңде қазақтың қандай шығармалары баспа көріп елге тарат жатты?

– Иә. Ж.Шайхисламұлы XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап Қазан, Уфа, Ташкент баспаханаларында қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін, Шығыс сюжетіндегі қисса-дастандарды бастырып

Әлидің Сараң байды жолға салғаны», «Кербаланың шөлі», «Қисса Зарқұм», «Дәриға қыз», «Қисса-и Гүлжәмиля қыздың хикаясы», «Қисса Бәрсиса» т.б. ондаған діни дастандарды жырлап, халқының рухани игілігіне айналдырды. Бұл туралы М.Әуезов: «Из бесспорно ему принадлежачих произведений мы знаем целую серию религиозно-героических поэм, изданных в Казани и во множестве экземпляров, пространственных в свое время в степи» дей келіп, олардың түпкі идеясы ислам дінінің негіздерін насихаттайтынын атап өтеді. Дегенмен, Кеңес өкіметі атеистік идеологиясының бет пердесін терең ұғынған ғалым сөз аяғын былайша қорытындылайды: «...этот материал, бесспорно требует оценки и анализа как с точки зрения распространения его на казахской почве, так и со стороны достоинств и недостатков. Но последние вопросы не входят в круг поставленных нами задач, поэтому воздерживаясь от каких бы то ни было суждений на этот счет приведем только факты, которые по свидетельству самого Жусупбека способствовали ему заняться именно этими, не другими темами. Жусупбек – первый казахский поэт, при жизни издававший в виде отдельных сборников или брошюр все свои произведения».

Шындығында, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ халық әдебиетіне қызығушылық танытып, ел арасынан жинап, баспаға дайындап, оларды жарыққа шығаруға қолғабыс еткен қазақ-татар зиялылары



аз болмады. Кітаптанушы Ж.Шалғынбайдың зерттеулерінде 1807-1917 жылдар аралығында әдеби мұраларды қамтыған 774 жинақ (тиражы – шамамен 2 млн 300 мың), оның 578 кітабы фольклорлық шығармаларға арналған.

Ж.Шайхисламұлын қазақтың кітаптарын алғашқы бастырушысы деу қисынсыздау болар. Себебі «Қисса-и Сейфулмүлік» 1807 жылы Қазан гимназиясының баспаханасынан тұңғыш басылым көргенде Жүсіпбек дүниеге келмеген де еді. Бұдан кейінгі жылдары «Біглан-наме» (1831), «Қисса-и Сейфулмүлік» (2-басылымы. 1840), «Сүлеймен Бақырғани» (1846, 1848), «Хикаят Хаким ата» (1846), «Бабыр-нәме» (1857), «Ер Тарғын» (1862, 1871, 1876) сияқты әдеби, фольклорлық мұралар алғашқылардың қатарында татар зиялыларының, Н.И.Ильминскийдің көмегімен баспа жүзін көрген. Ал қазақ кітаптарының тарихынан Жүсіпбек құрастырған «Қисса-и Зарқұм» дастанының 1877 жылдың 30 маусымында Қазан университетінің баспаханасынан Тобан Құрса ауылының тұрғыны Шамсуддин Хүсейнұлының қаражатымен жарияланым көргенін көруге болады. Ал «Қисса-и Сейфулмүлік» дастаны мен 1900 жылы Тройцкіді басылған Мұхамеджан Сералинның «Топжарған» жинағының арасында 165 қазақ кітабы жарық көрген.

– Ақын өмір туралы айтқанда қазақ жерінде туып, іледе қалғаны туралы мәлімет анық. Енді оның өткен өмірі туралы айтып берсеңіз.

– Кейінгі жылдардағы зерттеулерде ақынның туған жері мен ғұмырнаамалық даталарына байланысты кереғар тұжырымдар айтылып келеді. Дегенмен, Шыңжаң өлкесінде басылған «Үш жүзік» жинағындағы деректерге сүйенсек: «Ол Әулие ата маңында туған. Кейін қазіргі Іле қазақ автономиялы облысының Текес ауданына қоныс аударып келіп, сонда мекендеген. Марқұмның мүрдесі қазіргі Іле Қазақ облысына қарасты Текес ауданы, Шиліөзек ауылының оңтүстік жағындағы жатағандау төбенің басында тұр. Зираттың басына ...тас қойылып, оған араб әрпімен «Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, бастырып таратушы, насихат-

таушы әйгілі ақын Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы [1857-1937]» деген жазу ойылған. Бұл мәліметке қарағанда, ақын әруағын сыйлап, құлпытас қойған ұрпақтарының, туған-туыстары мен ауылдастарының шындықтан ауытқи қоймағаны анық. Сондықтан ендігі жерде әдебиет тарихын зерттеушілерге соңғы дерекке тоқталған орынды сияқты. Ол Жетісуға есейген, жігіт шағында қоныс аударады. Бұл деректі «Қыз Жібек» жырның алғашқы басылымында ақынның өзі келтіріп өтеді:

«Үйсінге алғаш келгенде,
Жиырма үш жасымда.
Сол кездердің уақытында,
Бар еді қайғы басымда».

Соңғы жолдардың мәнісіне қарағанда, Жүсіпбек ата жұртынан жеке басының себептермен кеткенін аңғаруға болады. Кей зерттеуге сүйенсек, ақынның туған анасы Дулат қызы болғандықтан, нағашыларын пана тұтып келеді, өзі де осы жерде үйлі-баранды болады. Осы тұжырымды ақын Шөкей қызбен айтысында да, Бақтыбаймен қақтығысында да нақтылай түседі.

Жүсіпбек 1880 жылы шамасында Албан еліне, қазіргі Алматы облысы, Кеген ауданындағы Ақсай деген жерге көшіп келіп, тұрақтап қалады. Албан, бұғы (қырғыз) елдерінде бала оқытып, кітап бастырумен шұғылданады. ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтерілістің кезінде шекара асуға мәжбүр болады. Кейін қайтып оралып, сүйікті ісімен шұғылдандуы жалғастырады. Дегенмен, отызыншы жылдардағы қожа, молдаларға қарсы саясат Жүсіпбекті Қытай жеріне қайта кетуге мәжбүр етеді. Жат өлкеде де сол кездегі рухани-әлеуметтік дағдарыс-

тың құрбаны болған босқын елдің жанынан табылды. Жер ауып, босқан жұртты жайлаған жеті жұттың бірі – жұқпалы дертке қарсы ем егеді. 1998 жылы «Тарих және ұлттар татулығы жылына» орай Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған фольклорлық-этнографиялық экспедиция барысында Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған бекетінің тұрғыны 77 жастағы Баукей Әубәкірұлының білегінен шешекке қарсы Жүсіпбек қожа екен емінің орнын көріп, біздің таңданбасқа шарамыз қалмаған еді.

Шет жерде жүрген қазақтардың ақынға деген құрметін «Үш жүзік» кітабындағы Жүсіпбектің жүзін көрген Қожаназар қарттың естелігінен айқын аңғаруға болады: «1937 жылы болса керек, қожа Текестің арғы жағасын жайлайтын алжан (Албаннан тарайтын тармақ) деген елді аралап жүріп Кетпентау деген жерде қайтыс болды. Қожа қайтыс болған соң, сол елдің белді адамдары: «Қожа тұқымы бәрімізге ортақ, сүйегін бермейміз, өзіміз арулап қоямыз» деп хабар айтыпты. Сонан біздің елдегі Бораншай, Көпеш, Қасен деген адамдар араға жүріп әрең дегенде оларды иландырып, осы төбеге жерлеген еді».

– Осыдан біраз бұрын қазақ әлеуметтік желілерде аты белгілі адамдар қазақ эпосынан үзінді оқып, халықтың рухын бір көтеріп еді. Алайда осындай серпіліс, эпостарды оқуға құлшыныс саябырсып қалған жоқ па? Оның отын кім маздатып отыруы тиіс деп ойлайсыз?

– Иә, есімде. Жаңылмасам, 2018 жылы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен алғаш

рет «Тұлпар мініп, ту алған» деп аталған байқау ұйымдастырылып, қала мектептері оқушыларының арасында «Алпамыс батыр» жырын жатқа айтқызу іс-шаралары жүргізілді. Кейін бұл байқау республикалық деңгейге көтеріліп, 2019 жылы «Қобыланды батыр» жыры тақырып болып бекітілгенін естідім. Қазылыққа шақырды, бірақ жұмысбастылықтан қатыса алмадым. Бірақ ақпарат көздеріндегі насихат жұмыстары саябырсып, тіпті, биылғы жылы айтылмайтын да болды.

Басталмай жатып өшіп қалған бұл байқауға мемлекеттік тұрғыда қолдау жасалып, қайта жандандырып, дәстүрлі үрдіске айналдырып, адамға ұлттық дәстүрді, отансүйгіштікті насихаттаудың басты тетігі осы үрдісті жалғастыру, қалыптастыру, дамыту деп есептеймін.

– Бір кездері әлеуметтік желілерде қазақ ауыз әдебиетін жазба әдебиетімен ұштастырып артында мол мұра қалған Жүсіпбек Шайхисламұлы атына кір түсіретін әңгімелер айтылды...

– Кеңестік кезден Ж.Шайхисламұлы өмірі мен шығармашылығы біржақты зерттеліп, еңбектерін насихаттау жұмыстары жүргізілмей келді. Оның да өзіндік себептері аз емес. Біріншіден, ол қожа тұқымы болғандықтан, «дін – апын» принципі ұстанған Кеңес идеологиясы Ислам іліміне жетік азаматтармен ымырасыз күрес жүргізді. Екіншіден, Жүсіпбек отызыншы жылдардағы зұлмат науқанның зардабынан Қытайға ауып, өмірінің соңғы жылдарын жат өлкеде өткізді. Сонда дүние салып, сүйегі де, ұрпақтары да шет жерде қалғандықтан, туған жерде



Жүсіпбектің халық әдебиетін жинаушы, жүйелеуші - фольклоршы, ақындық, жыршылық, аудармашылық қырларын жеке-жеке қарастырып орынды. Іргелі зерттеулер жүргізуге оның жарық көрген төл шығармалары мен жырлаған фольклорлық үлгілер жеткілікті. Оған еліміздегі, Татарстан мен Қытайдағы әдеби қорларда сақталған мұраларын біріктірісе, нұр үстіне нұр болар еді. Ақынның араб, парсы тілдеріндегі шығармаларды аударып, жырға айналдырудағы аудармашылық қабілеті – бір төбе

жатпайтыны анық. Жоқтан бар жасағанша, ондаған жылдар шаң басып әдеби қорларда жатқан бар дүниелерімізді жарыққа шығарып, келешек ұрпақтардың игілігіне жаратудың қамын ойлау керек сияқты.

Ж.Шайхисламұлының әдеби мұраларына келер болсақ, соңғы ширек ғасырдың шеңберінде жырларының дені қайта басылым көрді. Шығармашылығына қатысты Қазақстанда да, Қытай қазақтарының арасында да ірілі-ұсақты зерттеулер, дипломдық жұмыстар жазылды. Халық мұрасын жинаушы, жариялаушы, шежіреші Сейіт-Омар Саттарұлы ақсақал Қытайға арнайы барып, ақынның 1000 беттен астам қолжазба шығармаларын елге алып келді. Сондықтан Жүсіпбектің еңбегін жан-жақты игеруге, іргелі түрде зерттеудің кезегі енді келді деуге болады.

Бұл ретте ең алдымен, оның қазақ кітап бастырушыларының көшбасшысы ретіндегі ұшан-теңіз еңбегін, яғни баспагерлік қызметін арнайы зерттеген жөн. Біздің білуімізше, Орталық ғылыми кітапханада төңкеріске дейін ол шығарған кітаптар және олардың қайта басылымдары жақсы күйде сақталған. Сондай-ақ Жүсіпбектің баспадан шықпай қалған материалдары, баспагерлігіне, жеке басына байланысты көптеген деректерді Қазан кітапханаларынан, татарлардың библиографы Гальмдарының зерттеулерінен анықтау керек. Себебі ол ХІХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін татар баспагерлерімен шығармашылық бірлікте болды.

Екіншіден, Жүсіпбектің халық әдебиетін жинаушы, жүйелеуші-фольклоршы, ақындық, жыршылық, аудармашылық қырларын жеке-жеке қарастырып орынды. Іргелі зерттеулер жүргізуге оның жарық көрген төл шығармалары мен жырлаған фольклорлық үлгілер жеткілікті. Оған еліміздегі, Татарстан мен Қытайдағы әдеби қорларда сақталған мұраларын біріктірісе, нұр үстіне нұр болар еді. Ақынның араб, парсы тілдеріндегі шығармаларды аударып, жырға айналдырудағы аудармашылық қабілеті – бір төбе. Әсіресе, оның шығармашылығы туралы жазылатын ғылыми еңбектерде текстологиялық зерттеулерге зор мән берілсе, жоғарыда айтылған халық мұрасына жасалған «жиендік» мәселесі өзінен өзі шешілері анық.

Үшіншіден, Ж.Шайхисламұлының Ислам ілімін насихаттаушы, емшілік қасиеттері де жеке зерттеуді қажет етеді. Сондықтан ақынның өмірі мен қызметі, шығармашылығын жоғарыда айтылғандай бірнеше салада зерттеліп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орнын шынайы, ғылыми негізде анықтау бүгінгі ұрпақтың борышы болып қала беретінін еске салғымыз келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙСОВА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №108 (4077) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include names like КРИКУНОВА МИРА, КОШКИМБАЕВ БЕЙБИТ, БУРКУТБАЕВ ДАНИЯР, etc.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include names like АСЛАН КУСАЙНУЛЫ, БЕКМУРАТОВА САБИРА, РАМАНҚУЛ БАҚДӘУЛЕТ, etc.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include names like ӘЛИҚЫЗЫ ӘЛИЯ, САХИЕВ ИЗТЛЕУ, УСЕНОВА ГУЛЬЖАН, etc.

АБАЙ БЕЙНЕСІ АСҚАҚТАДЫ

Румынияның астанасы Бухаресттің орталығында Абайдың бюсті ашылып, ақын бейнесі асқақтады.



Салтанатты шараның ашылуында Қазақстанның Румыниядағы елшісі Нұрбах Рүстемов Ұлы Абайдың 175 жылдығы аясында бюсттің ашылуы қос халықтың өзара құрметі мен екі елдің тарихын білуге жаңа ұрпақ тәрбиелеудің айқын мысалы екенін атап өтті.

Іс-шара барысында Румынияның экс-президенті Эмиль Константеску және Парламент депутаттары палатасының вице-спикері, «Қазақстан-Румыния» парламентарлық достық тобының төрағасы Флорин Йордаке әлемдік деңгейдегі тұғырлы тұлғаның бюстін орнатылуы Бухарест өміріндегі жаңа тарихи кезеңге айналатынын, сондай-ақ әлемдік мәдениетке қосқан үлесі үшін қазақ халқына деген құрметін білдіретінін жеткізді.

Сонымен бірге Абай ағамыздың «қара сөзін» румын тіліне аударған белгілі лингвист Антоанета Олтеану хакімнің өмірі туралы ойлы әңгіме өрбітсе, қазақ тілі мұғалімі бастаған балабақша балдырғандары ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Сондай-ақ Румынияда тұратын қазақстандық суретші Алуа Тебенюаның ұлттық болмысқа бай картиналары да қонақтарды жылы әсерге бөледі.



ӘЛЕМДІ ТІТІРКЕНДІРГЕН АЛАПАТ

Бас шаһарда голландиялық суретші Николь Карстенстің 2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йоркте болған қайғылы оқиғаны еске алуға арналған алғашқы жеке көрмесі ашылды.

Көрмеге әлемді тітіркендірген алапат оқиғаға дейінгі Нью-Йорктің деректі хроникасы ұсынылған. Бұл хроника қылқалам шеберінің Бүкіләлемдік сауда орталығында, оның бос кеңселерінде Нью-Йорк суретшілерінің студиялары тұрған кезде түсірілген фотосуреттеріне негізделген. Суреттер алғаш рет Гаагада қайғылы оқиғадан бір жыл өткен соң көрсетілді.

Сондай-ақ Николь Карстенс стюардесса болған кезде түсірілген «Blue Notes from Thin Air» авторлық фотосуреттерімен толықтырылған. Олар әуе мамандарының

күнделікті өмір шындығын әлемдік авиакөлік компаниялардың жарнамалық науқанының нәтижесіне қалыптасқан бұқаралық сананың стереотиптік бейнелерсіз көрсетеді.

Талантты шебердің Arte Povera стиліндегі кескіндеме, графика, авторлық полиграфия және инсталляция негізіндегі туындылары келушілерді Нью-Йорк қаласының тыныс-тіршілігімен жақын таныстырады. Суретші өз еңбектерінде тұрмыстық заттарды шебер пайдаланып, оған мүлде өзгеше реңк береді.

Көрме 11 қазанға дейін жалғасады.



© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТАҒЫ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ



Нұр-Сұлтанда халықаралық тоқу күнін елордалықтар Ботаникалық бақта тоқыма тоқып, жіп иіріп атап өтті. Биыл тоқу күні отбасы күнімен тұспа-тұс келді. Шараны Bergен әлеуметтік шеберханасы мен елордалық мәдениет басқармасы ұйымдастырды.

«Шараның негізгі мақсаты – тоқымамен айналысатын, үйренгісі келетін, қызығушылық танытқан адамдарды басын қосып, оларға шеберлік сабақтарын көрсетіп, қолдау. Бізде ешкім тоқымайды, тоқыған күннің өзінде үйдегі үлкен әжелерден басқа ешкім тоқымайды деген түсінік қалыптасып кеткен. Ашық ауада барлығымыз іс тоқып, жіп иіріп отырсақ, бұл стереотип бұзылады. Пандемия кезінде адамдар ішкі күйзелісті сезінсе, тоқу – стресті жеңілдетудің бір әдісі. Бұл кәсіп тек тыныштандырып қана қоймай, қажет болған жағдайда табыс көзі бола алады» деп атап өтті Bergен

әлеуметтік шеберханасының негізін қалаушы Рахима Мұқышева. Эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, барлық санитарлық ережелердің сақталуын қамтамасыз ету үшін, іс-шараға қатысушылар алдын ала тіркеуден өтті. Олар үшін кілемшелер, фото аймақ және арнайы орындықтар дайындалды. Акцияға бүкіл отбасы мүшелерімен де келгендер бар. Іс-шара барысында қала тұрғындары да қызығып, ілмекпен тоқуға қосылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шеберлікті игеруге ниет білдірген мектеп оқушылары тоқуға деген үлкен қызығушылық танытқан.

Шеберлік сыныпқа мүмкіндігі шектеулі әйелдер мен көпбалалы аналар да келді.

Ашық аспан астында қуыршақ театры қойылым қойып, филармония әртістері әннен шашу шашты. Қонақтар үшін ойындар ұйымдастырылып, естелік сыйлықтар берілді.

Сондай-ақ тоқу мерекесіне қатысушылар қарттар үйіне сыйлық ретінде жылы шұлықтар тоқуға келісті. Бұл акцияға елорданың үш мектебі қосылуды жоспарлап отыр. Оқушылар үшін қосымша шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.